# AutoTrac™ RowSense™ Егін орғыш

## МЕХАНИК-ЖҮРГІЗУШІНІҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

## AutoTrac™ RowSense™ SPFH

OMPFP14994 ШЫҒАРЫЛЫМЫ
E0 (KASACHISCH)

John Deere GmbH & Co. KG John Deere
Werk Zweibrücken
Еуропалық нұсқа
PRINTED IN U.S.A.

## Алғы сөз

Жүйені дұрыс басқару туралы мәліметтерді алу үшін, ОСЫ НҰСҚАУЛЫҚТЫ ОҚЫҢЫЗ. Бұлай жасамау жеке жарақат алуға немесе жабдықтың зақымдалуына әкелуі мүмкін. Осы нұсқаулық пен машинаңыздағы ескерту белгілері басқа тілдерде де берілуі мүмкін. (Тапсырыс беру үшін John Deere дилеріне хабарласыңыз.)

БҰЛ НҰСҚАУЛЫҚТЫ машинаның тұрақты бөлігі ретінде есептеу керек және сатқанда жүйемен бірге қалуы керек.

Осы нұсқаулықтағы ӨЛШЕМДЕР метрикалық және дәстүрлі АҚШ бірлік эквиваленттерінде берілген. Тек дұрыс қосалқы бөлшектер мен дәнекерлерді қолданыңыз. Метрлік және дюймдік дәнекерлер арнайы метрлік немесе дюймдік гайка кілтін қажет етуі мүмкін.

ОҢ ЖАҚ ЖӘНЕ СОЛ ЖАҚ машинаның алға қарай жүрген кезінде қозғалу бағытына бет бұру арқылы анықталады.

КЕПІЛДІК құрылғылары осы нұсқаулықта сипатталғандай жұмыс жасататын және қолданатын John Deere тұтынушыларына қолдау көрсету бағдарламасының бір бөлігі ретінде қамтамасыз етіледі. GreenStar жабдығының кепілдік шарттары дилерден алынған кепілдік жөніндегі сертификатта түсіндірілген.

Осы кепілдік сізді John Deere кепілдік мерзімінің ішінде ақаулары анықталған өнімдерді қайтарып алатынына кепілдік береді. Кейбір жағдайларда John Deere сондай-ақ, жиі кездерде тұтынушыдан қосымша төлем талап етпей, тіпті өнімнің кепілдік мерзімі өтіп кеткен жағдайда да алқаптық жақсартуларды қамтамасыз етеді. Егер жүйе дұрыс пайдаланылмаған немесе өнімділігін түпнұсқа зауыттық сипаттамаларынан тыс өзгерту үшін өзгертілген болса, онда кепілдік өз күшін жояды және салалық жақсартулар да ұсынылмауы мүмкін.

KR43067,00000A2 -KK-10NOV08-1/1

# Мазмұны

Бет

## Қауіпсіздік
Қауіпсіздік ақпаратын тану ................................5-1
Белгі беретін сөздерді түсіну.............................5-1
Қауіпсіздік нұсқаулықтарын орындау.................5-1
Электр құрамдастар мен
кронштейндерді қауіпсіз пайдалану ..............5-2
Бағыттау жүйелерін қауіпсіз пайдалану ............5-2
Нұсқаулықты оқу ................................................5-2
Қауіпсіздік белбеуін дұрыс пайдалану ..............5-3

## AutoTrac™ RowSense™ SPFH
Шолу ................................................................10-1

## Жүйені орнату және калибрлеу
AutoTrac RowSense орнату ..............................15-1
Ортаңғы жолды жалғастыру
функциясын қосу .........................................15-2
Қатар енгізуді орнату—Жалғастыру
түймешігін тағайындау .................................15-3
Қатар датчигін калибрлеудің
алдында—қатар датчиктерін тазалау .........15-6
Қатар датчигін калибрлеу процедурасы..........15-7
SSU басқару құралын калибрлеу
процедурасы ................................................15-9

## Жүйені іске қосу
Жүйені іске қосудың алдында..........................20-1
Жүйені іске қосу ...............................................20-3

## Жүйені басқару
Дисплейлер мен индикаторлар .......................25-1
Қатар датчиктерін қосу ....................................25-2
Түзу жол............................................................25-3
Бейімделгіш көлбеулер ...................................25-6
RowFinder .........................................................25-9
AB көлбеулері .................................................25-10
Шеңбер жол....................................................25-12
Жол бағыттаушы ауытқуын лайықтау
(жол бағыттаушыны басқару тұтқасы) ......25-13

## Диагностика
Диагностика экрандары...................................30-1
SSU мекенжайлары — AutoTrac
RowSense жүйесін басқару құралы.............30-2

Бет

## Қызмет көрсету және техникалық қызмет көрсету
Қатар датчиктерін тазалау ...............................35-1
SSU - AutoTrac RowSense басқару
құралының диагностикалық
ақаулық кодтары .........................................35-2

## Сипаттамалар
ЕО нормативтеріне сәйкестілік
туралы мәлімдеме.......................................40-1

*Бастапқы нұсқаулықтар. Осы нұсқаулықтағы барлық ақпараттар, суреттер және сипаттамалар жариялым кезіндегі қол жетімді ең соңғы ақпараттарға негізделген. Жариялаушы кез келген уақытта өзгертулерді ескертусіз енгізуге құқылы.*

COPYRIGHT © 2010
John Deere GmbH & Co. KG Mannheim Regional Center
Zentralfunktionen
All rights reserved.
A John Deere ILLUSTRUCTION ® Manual

## Қауіпсіздік ақпаратын тану

Бұл – дабыл белгісі. Машинаңыздан немесе осы нұсқаулықтан бұл белгіні көргенде адам жарақаттану мүмкіндігіне сақ болыңыз.

Ұсынылған алдын алу шаралары мен қауіпсіз технологиялық режимді орындаңыз.



T81389 —UN—28JUN13

DX,ALERT -KK-29SEP98-1/1

## Белгі беретін сөздерді түсіну

Белгі беретін —ҚАУІП, САҚТАНДЫРУ немесе ЕСКЕРТУ— сөздері дабыл белгілерімен бірге пайдаланылады. ҚАУІП аса қауіпті қатерлерді білдіреді.

ҚАУІП немесе САҚТАНДЫРУ ескерту белгілері белгілі бір қауіпті жерлердің жанында орналасады. Жалпы алдын алу шаралары ЕСКЕРТУ белгілер қатарында тізімделген. ЕСКЕРТУ, сондай-ақ, осы нұсқаулықтағы қауіпсіздік хабарларына назар аударуды талап етеді.




TS187 —KK—03AUG12

DX,SIGNAL -KK-03MAR93-1/1

## Қауіпсіздік нұсқаулықтарын орындау

Осы нұсқаулықтағы және машинаңыздың ескерту белгілеріндегі барлық қауіпсіздік хабарламаларын мұқият оқып шығыңыз. Ескерту белгілерін жақсы күйде сақтаңыз. Жоғалып қалған немесе зақымдалған қауіпсіздік белгілерін ауыстырыңыз. Жаңа құрылғы құрамдастары мен қосалқы бөлшектерінің қазіргі ескерту белгілері барлығына көзіңізді жеткізіңіз. Ескерту белгілерінің алмасуын John Deere дилерінен алуға болады.

Бұл механик-жүргізуші нұсқаулығында қамтылмаған, бірақ жеткізуші берген бөлшектер мен құрамдастар жөніндегі қосымша қауіпсіздік ақпараты болуы мүмкін.

Машинаның қызметі мен басқару құралдарын дұрыс пайдалануды үйреніңіз. Ешбір адамға нұсқаулықсыз жұмыс істеуге рұқсат етпеңіз.

Машинаңызды дұрыс жұмыс істеу жағдайында сақтаңыз. Машинаға өздігіңізден өзгертулер енгізу




TS201 —UN—15APR13

қызметі мен/немесе қауіпсіздігін нашарлатуы және машинаның қызмет ету мерзіміне әсер етуі мүмкін.

Егер бұл нұсқаулықтың ешбір бөлігін түсінбесеңіз және көмек қажет етсеңіз, John Deere дилеріне хабарласыңыз.

DX,READ -KK-16JUN09-1/1

## Электр құрамдастар мен кронштейндерді қауіпсіз пайдалану


TS249 —UN—23AUG88

Құрылғыда орнатылған электр құрамдастарды бекіту немесе алып тастау кезіндегі құлау жеке жарақаттарды тудыруы мүмкін. Әр орнату орнына оңай жету үшін сатыны немесе платформаны пайдаланыңыз. Берік және қауіпсіз аяқ тіректерін және қол тіректерін пайдаланыңыз. Құрамдастарды дымқыл немесе мұзды жағдайларда орнатпаңыз немесе алмаңыз.

Мұнара немесе басқа биік құрылыста RTK негізіндегі станциясын орнату немесе қызмет көрсету кезінде тіркелген монтерлық тырнақтарды пайдаланыңыз.

Аспа құралда пайдаланылған жалпы орнату қабылдағыш мачтасын орнату немесе қызмет көрсету кезінде тиісті көтеру техникасын пайдаланыңыз және қорғау құралдарын киіңіз. Мачта ауыр және пайдалану үшін ыңғайсыз болуы мүмкін. Орнату орындарына жерден немесе қызмет платформасынан жету мүмкін болғанда, екі адам қажет.

DX,WW,RECEIVER -KK-24AUG10-1/1

## Бағыттау жүйелерін қауіпсіз пайдалану

AutoTrac жүйесін жолдарда пайдаланбаңыз.

- Жолға шығудың алдында әрқашан AutoTrac жүйесін өшіріңіз (Өшіру және ажырату).
- Жолда тасымалдау кезінде бағыттау жүйесін қосуға (іске қосуға) әрекеттенбеңіз.

AutoTrac жүйесі механик-жүргізушіге алқаптық жұмыстарды әсерлі орындау үшін көмекші құрал. Механик-жүргізуші машинаның бағытына әрқашан жауапты. Жүргізуші және жанындағы адамдардың жеке жарақаттарын болдырмау үшін:

- Дыбыс белгісін беріңіз және айналадағы қоршаған ортаға көңіл бөліңіз.
- Алқап, жанындағы адамдар, жабдық немесе басқа бөгеттер қауіптерін болдырмау үшін рульдік доңғалақты басқарыңыз.
- Егер көру жағдайлары машинаны жүргізу қабілетіңізге кедергі келтірсе немесе машина жолының алдында адамдар не басқа бөгеттер байқалса басқаруды тоқтатыңыз.

OUO6050,0000F2B -KK-03APR08-1/1

## Нұсқаулықты оқу

**AutoTrac жүйесін пайдалануға әрекет жасау алдында, қауіпсіз және тиісті пайдалану мақсатында қажет құрамдастарды және процедураларды түсіну үшін, осы нұсқаулықты толығымен оқыңыз.**

**Бұл нұсқаулық AutoTrac бағыттау жүйелерінің бағдарламаларына арналған.**

OUCC002,0002D93 -KK-16FEB10-1/1

## Қауіпсіздік белбеуін дұрыс пайдалану



TS205 —UN—23AUG88

Аударылу сияқты апаттан жарақат алу қаупін барынша азайту үшін аударылудан қорғау құрылымын (АҚҚ) немесе кабинаны басқару кезінде қауіпсіздік белбеуін пайдаланыңыз.

Аударылған жағдайдағы қорғаныс жүйесінсіз немесе кабинасыз жұмыс жасағанда қауіпсіздік белбеуін пайдаланбаңыз.

Егер бекітетін құрамдас жабдық, доғабас, белбеу немесе қауіпсіздік белбеуін жинайтын механизм зақымдалғанын байқасаңыз, оларды толығымен алмастырыңыз.

Қауіпсіздік белбеуін және бекітетін құрамдас жабдықтарды жылына кемінде бір рет тексеріп тұрыңыз. Қиылу, қажалу, тозу, түсінің өзгеруі немесе тотығу сияқты құрамдас жабдықтардың босауының немесе белбеу зақымдалуының белгілерін қараңыз. Машинаңыз үшін мақұлданған қосалқы бөлшектермен ғана ауыстырыңыз. John Deere дилеріне хабарласыңыз.

DX,ROPS1 -KK-29OCT07-1/1

# AutoTrac™ RowSense™ SPFH

## Шолу

AutoTrac RowSense жүйесі келесі құрамдастардан тұрады

- Біріккен AutoTrac жүйесі жаңартылған AutoTrac RowSense жүйесі рульдік басқару жүйесінің құрылғысы (SSU), AutoTrac SF1 немесе SF2 белсендіруімен бағдарламаланған жасақтамасы бар егін орғышқа орнатылған және іске қосылған.
- AutoTrac RowSense SF1 немесе SF2 белсендіруі
- Қатар датчиктері мақұлданған егін ору құралына орнатылған
- GS2 2600 дисплейі
- SF1, SF2 немесе RTK белсендіруі бар StarFire қабылдағышы

AutoTrac RowSense барлық қолданыстағы жүргізу үлгілерімен және стандартты егін ору үлгілерінің көпшілігімен жұмыс істейді.

AutoTrac келесі режимдерде жұмыс істейді:

- Бейімделгіш көлбеулер
- AB көлбеулері
- Шеңбер жол
- және түзу жол

AutoTrac RowSense – GS2 дисплейінде AutoTrac ішіне біріктірілген жақсарту. Ортадағы жолақ нүктесіне орнатылған жолақ датчиктері дән сабақтарын



ZX1043902 —UN—30APR10

*AutoTrac RowSense датчиктері*

анықтап, жолақтың қайда екенін біледі. Егін орғышты жолақтарда ұстауға көмектесу үшін жолақ датчиктері беретін сигналдар бар AutoTrac сигналдарымен біріктіріледі. Жолақ датчиктерінен келетін сигнал болмағанда (мысалы, су жолы арқылы жүргізгенде) қалыпты GPS бағыттауышы қолданылады. AutoTrac басқа сипаттамаларының көпшілігі өзгермеген түрде қалады. Қатар датчиктері - егін орғышты басқаруға арналған басқа енгізу күйі болып табылады. Барлық жүргізу режимдері GPS негізгі AutoTrac көмегімен орнатылатын жолмен орнатылады.

OUCC002,0002DA4 -KK-31MAY10-1/1

## AutoTrac RowSense орнату

Осы өнімді пайдаланудың алдында AutoTrac жүйесін орнату үшін, келесі қадамдарды орындау қажет:

GS2 дисплейінде түпнұсқа GreenStar дисплейі >> ОРНАТУ >> AUTOTRAC тармағына өтіңіз

1. Ортаңғы жолды жалғастыру функциясын қосыңыз ("Ортаңғы жолды жалғастыру функциясын қосу" бөлімін қараңыз).
2. Қатар бағыттауыш режимін анықтаңыз ("Қатар енгізуді орнату—Жалғастыру түймешігін тағайындау" бөлімін қараңыз).
3. Қатар датчиктерін калибрлеңіз ("Қатар датчигін калибрлеу процедурасы" бөлімін қараңыз).
4. Доңғалақ бұрышының ортасын калибрлеңіз ("SSU басқару құралын калибрлеу процедурасы" бөлімін қараңыз).

**A—Рульдік басқару сезімталдығы (50-200)**
**B—AutoTrac калибрлеу**
**C—Доңғалақ бұрышының ортасын калибрлеу**
**D—Ортаңғы жолды жалғастыру**
**E—Бағыттау режимі**
**F—Қатар датчигін калибрлеу**
**G—Оралу**




*Калибрлеуді орнату*

OUCC002,0002DC4 -KK-03MAY10-1/1

## Ортаңғы жолды жалғастыру функциясын қосу

Түпнұсқа GreenStar дисплейі >> ОРНАТУ >> AUTOTRAC тармағына өтіңіз.

Бағыттау режимінің түймешігі (E) GPS жүйесіне орнатылғанына көз жеткізіңіз, содан кейін ИӘ таңдау үшін, Ортаңғы жолды жалғастыру түймешігін (D) басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Барлық басқа бағыттау режимдерінде (Қатар, RowGPS және GPSRow) Жоқ таңдау үшін, Ортаңғы жолды жалғастыру (D) түймешігін басыңыз.*

**A—Рульдік басқару сезімталдығы (50-200)**
**B—AutoTrac калибрлеу**
**C—Доңғалақ бұрышының ортасын калибрлеу**
**D—Ортаңғы жолды жалғастыру**
**E—Бағыттау режимі**
**F—Қатар датчигін калибрлеу**
**G—Оралу**
**H—Датчик тұтқасы**




ZX1043954 —UN—31MAY10

OUCC002,0002DC5 -KK-31MAY10-1/1

## Қатар енгізуді орнату—Жалғастыру түймешігін тағайындау




ZX1043914 —UN—31MAY10

**МАҢЫЗДЫ: Жалғастыру түймешігін тағайындауды орнатудан бұрын (H) түймешігі қатар бағыттауыш қосқышы ретінде таңдалғанына—шынтақ таянышын басқару құралы мекенжайының ARC 107 калибрленуі 4 (зауыттық параметр) мәніне орнатылғанына көз жеткізіңіз. Егін орғыштың механик-жүргізуші нұсқаулығының "Калибрлеу процедуралары" бөлімін қараңыз.**

Қатар енгізуді (Жалғастыру түймешігін тағайындау) GS2 дисплейінде таңдауға болады. Түпнұсқа GreenStar дисплейі >> ОРНАТУ >> AUTOTRAC тармағына өтіңіз. Жалғастыру түймешігіне (H) тағайындалатын бағыттауышты қосу режимін (1 - 4) таңдау үшін, бағыттау режимінің пернесін (E) басыңыз, яғни:

### 1-Қатар режимі (әдепкі):

1. Егін орғышты қатарға жүргізіңіз.
2. Тек қатар датчиктерін қосу үшін, жалғастыру түймешігін (H) бірінші рет басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Жалғастыру түймешігін (H) екінші рет басқанда ешбір әсері болмайды.*

### 2-GPS режимі:

1. Егін орғышты қатарға жүргізіңіз.
2. AutoTrac бағыттауышын қосу үшін, жалғастыру түймешігін (H) бірінші рет басыңыз.




ZX1043913 —UN—30APR10

**ZX1043913**

*Жалғастыру түймешігі*

**A—Рульдік басқару сезімталдығы (50-200)**
**B—AutoTrac калибрлеу**
**C—Доңғалақ бұрышының ортасын калибрлеу**
**D—Ортаңғы жолды жалғастыру**
**E—Бағыттау режимі**
**F—Қатар датчигін калибрлеу**
**G—Оралу**
**H—Жалғастыру түймешігі**
**1—Қатар режимі**
**2—GPS режимі**
**3—GPSRow режимі**
**4—RowGPS режимі**

*ЕСКЕРТУ: Жалғастыру түймешігін (H) екінші рет басқанда ешбір әсері болмайды.*

**Келесі бетте жалғасады**

OUCC002,0002DF1 -KK-03JUN10-1/3




ZX1043914 —UN—31MAY10

**3-GPSRow режимі:**

1. Егін орғышты қатарға жүргізіңіз.
2. AutoTrac бағыттауышын қосу үшін, жалғастыру түймешігін (H) бірінші рет басыңыз.
3. AutoTrac бағыттауышын және қатар датчиктерін AutoTrac нұсқаулығына (қосылыс) басымдылықпен қосу үшін, жалғастыру түймешігін (H) екінші рет басыңыз.

**AutoTrac бағыттауышы мен қатар бағыттауышы арасындағы автоматты қосқыш:** Жалғастыру түймешігін (H) екі рет басыңыз -> Қатар бағыттауышы және AutoTrac бағыттауышы қосылады.

- Жүйеде GPS сигналы жоғалса, жүйе әлі де қосулы тұрған датчиктерге байланысты автоматты түрде қатар бағыттауышына оралады (мысалы, StarFire™ қабылдағышы көлеңкелеу жағдайларында болғанда бұрылыс белдігінде пайда болады).
  GPS сигналы қайтарылғаннан кейін, жүйе автоматты түрде қатар бағыттауышына және AutoTrac бағыттауышына оралады
- Жүйеде қатар датчигінің сигналы жоғалса, жүйе автоматты түрде AutoTrac бағыттауышына оралады (мысалы, су жолдарынан өткенде немесе қатар аралықтары болса, пайда болады). Қатар бағыттауыш датчигінің сигналы қайтарылғаннан кейін, жүйе автоматты түрде қатар бағыттауышына және AutoTrac бағыттауышына оралады.

**Қолмен басқару қосқышы:** Жалғастыру түймешігін (H) бір рет басыңыз -> AutoTrac бағыттауышы қосылады.

- Жалғастыру түймешігін (H) екінші рет бассаңыз, жүйе AutoTrac бағыттауышына және қатар бағыттауышына оралады. Келесілердің арасында




ZX1043913 —UN—30APR10

**ZX1043913**

*Жалғастыру түймешігі*

**A—Рульдік басқару сезімталдығы (50-200)**
**B—AutoTrac калибрлеу**
**C—Доңғалақ бұрышының ортасын калибрлеу**
**D—Ортаңғы жолды жалғастыру**
**E—Бағыттау режимі**
**F—Қатар датчигін калибрлеу**
**G—Оралу**
**H—Жалғастыру түймешігі**
**1—Қатар режимі**
**2—GPS режимі**
**3—GPSRow режимі**
**4—RowGPS режимі**

ауыстырып қоса аласыз: - жалғыз AutoTrac бағыттауышы және - жалғастыру түймешігін (H) әр кезекті басумен AutoTrac және қатар бағыттауышы.

*ЕСКЕРТУ: Қолмен басқару қосқышын жаман/нашар датчик сигналы қолжетімді болғанда пайдалануға болады (мысалы, қатарлардың бұрылыс белдігінде қиылысуында). Бұл қатар бағыттауышын тікелей өшіруге мүмкіндік береді.*

**Келесі бетте жалғасады**

OUCC002,0002DF1 -KK-03JUN10-2/3




ZX1043914 —UN—31MAY10

## 4-RowGPS режимі:

1. Егін орғышты қатарға жүргізіңіз.
2. Қатар датчиктері мен бағыттауышты қатар датчиктеріне басымдылықпен (қосылыс) қосу үшін, жалғастыру түймешігін (H) бірінші рет басыңыз.
3. AutoTrac бағыттауышын қосу үшін, жалғастыру түймешігін (H) екінші рет басыңыз.

**AutoTrac бағыттауышы мен қатар бағыттауышы арасындағы автоматты қосқыш:** Жалғастыру түймешігін (H) бір рет басыңыз -> Қатар бағыттауышы және AutoTrac бағыттауышы қосылады.

- Жүйеде GPS сигналы жоғалса, жүйе әлі де қосулы тұрған датчиктерге байланысты автоматты түрде қатар бағыттауышына оралады (мысалы, StarFire™ қабылдағышы көлеңкелеу жағдайларында болғанда бұрылыс белдігінде пайда болады).
- Жүйеде қатар датчигінің сигналы жоғалса, жүйе автоматты түрде AutoTrac бағыттауышына оралады (мысалы, су жолдарынан өткенде немесе қатар аралықтары болса, пайда болады). Қатар бағыттауыш датчигінің сигналы қайтарылғаннан кейін, жүйе автоматты түрде қатар бағыттауышына және AutoTrac бағыттауышына оралады.

**Қолмен басқару қосқышы:** Жалғастыру түймешігін (H) бір рет басыңыз -> Қатар бағыттауышы және AutoTrac бағыттауышы қосылады.

- Жалғастыру түймешігін (H) екінші рет бассаңыз, жүйе AutoTrac бағыттауышына оралады.

*ЕСКЕРТУ: Қолмен басқару қосқышын жаман/нашар датчик сигналы қолжетімді болғанда пайдалануға болады (мысалы, қатарлардың бұрылыс белдігінде қиылысуында). Бұл қатар бағыттауышын тікелей өшіруге мүмкіндік береді.*




ZX1043913 —UN—30APR10

**ZX1043913**

*Жалғастыру түймешігі*

**A—Рульдік басқару сезімталдығы (50-200)**
**B—AutoTrac калибрлеу**
**C—Доңғалақ бұрышының ортасын калибрлеу**
**D—Ортаңғы жолды жалғастыру**
**E—Бағыттау режимі**
**F—Қатар датчигін калибрлеу**
**G—Оралу**
**H—Жалғастыру түймешігі**
**1—Қатар режимі**
**2—GPS режимі**
**3—GPSRow режимі**
**4—RowGPS режимі**

OUCC002,0002DF1 -KK-03JUN10-3/3

## Қатар датчигін калибрлеудің алдында—қатар датчиктерін тазалау

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Моторды ӨШІРІҢІЗ, тұрақ тежеуішін орнатыңыз және кілтті шығарыңыз.**

Тазалау қажеттілігін көру үшін, қатар датчиктерін күн сайын тексеру керек.

Қосымша тексеріңіз және датчиктерде шамадан тыс материалдың жиналуын болдырмау үшін, қажет болса, дән бөлгіш ұшының биіктігін баптаңыз.

Датчиктерде материал жиналып қалса, бұл еркін қозғалысты шектеп, калибрлеу процедурасына әсер етуі мүмкін. Қатар датчиктерін тазалау үшін, екі жағындағы датчиктерден және қоршаған аймақтан қоқыстарды алыңыз (көрсеткілерді қараңыз).




ZX1043903 —UN—30APR10

Датчиктер кедергісіз еркін қозғалатынын тексеріңіз.

OUCC002,0002DEE -KK-02JUL10-1/1

## Қатар датчигін калибрлеу процедурасы

Бұл процедура жүйені орнатқанда немесе жүйені жөндегеннен кейін орындалады. Қатар датчиктерін орнатып, тұғырларға қарама-қарсы орналастыру керек.

**Калибрлеуге дайындау:** Қатар датчиктері серіппелі байланыс датчиктерімен (H) көрсетілгендей бастапқы күйге дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.

**МАҢЫЗДЫ: Қатар датчигі аймақтарында байланыс датчиктердің (H) бастапқы күйінде (көрсеткілерді қараңыз) болуына кедергі жасайтын материалдың жиналмағанына көз жеткізіңіз.**

**Жолақ датчигін калибрлегенде, тиісті емес калибрлеуді (дұрыс емес калибрлеу мәндері) болдырмау үшін жоғарғы жақты таза ұстау керек, әсіресе датчиктің жанында.**

Қатар датчиктерінің жерге тиіп тұрмауын қамтамасыз ету үшін, хедерді көтеріңіз. Егін орғыш жылжымауы керек.

1. Түпнұсқа GreenStar мониторындағы ОРНАТУ түймешігін басыңыз. AutoTrac жүйесіне көрсетіп тұрған әріп түймешігін басыңыз.

**A—Рульдік басқару сезімталдығы (50-200)**
**B—AutoTrac калибрлеу**
**C—Доңғалақ бұрышының ортасын калибрлеу**
**D—Ортаңғы жолды жалғастыру**
**E—Бағыттау режимі**
**F—Қатар датчигін калибрлеу**
**G—Оралу**
**H—Датчик антеннасы**




ZX1043915 —UN—31MAY10




ZX1043916 —UN—31MAY10

Келесі бетте жалғасады OUCC002,0002DA6 -KK-31MAY10-1/2

2. Датчиктің қозғалыссыз күйіндегі кернеулерін калибрлеңіз.

   Датчиктің қозғалыссыз күйіндегі кернеулерін AutoTrac RowSense (SSU) басқару құралының жадына сақтау үшін, қатар бағыттауышы датчигін калибрлеу түймешігін (E) басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: GSD экраны енді сол жақ және оң жақ датчик кернеулерін көрсетеді. Оң жақ және сол жақ датчиктердің қозғалыссыз күйіндегі кернеуі 0 вольтқа мүмкіндігінше жақын болуы керек.*

3. Калибрлеуді аяқтау үшін, қатар датчигін калибрлеу режимінен шығыңыз.




ZX1043917 —UN—31MAY10

**A—Пайдаланылмайды**
**B—Пайдаланылмайды**
**C—Сол жақ датчикті калибрлеу (V)**
**D—Оң жақ датчикті калибрлеу (V)**
**E—Қатар бағыттауыш датчигін калибрлеу**
**F—Пайдаланылмайды**
**G—Оралу**

OUCC002,0002DA6 -KK-31MAY10-2/2

## SSU басқару құралын калибрлеу процедурасы

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: AutoTrac RowSense™ жүйесін калибрлеу барысында артқы доңғалақтар автоматты түрде басқарылады. Жарақат алуды болдырмау үшін, калибрлеудің алдында жақын арада бақылаушылардың жоқ екенін тексеріңіз.**

**Толық калибрлеу үрдісі кезінде аяқ тежеуіштерін пайдаланыңыз.**

*ЕСКЕРТУ: Артқы доңғалақтар неғұрлым оңайырақ басқарылса, гидравликалық руль клапанын калибрлеу соғұрлым дәлірек болады. Сондықтан, артқы оқпан жүктемесін барынша төмен сақтаған жөн. Бұған мүмкіндігінше ауыр хедерді бекіту арқылы жетуге болады.*

*Руль клапанын калибрлеу барысында (яғни, 7-қадамда артқы доңғалақтарды басқарғанда) артқы доңғалақтардың біреуін бір бағытта бұру қиын болса (мысалы, тегіс емес жерге бола), бұл AutoTrac RowSense іске қосылғанда біркелкі және нақты емес руль жұмысына әкеледі.*

*Калибрлеу алдында барлық SSU диагностикалық қате кодтарын жою маңызды.*




ZX1039663

ZX1039663 —UN—03OCT06




ZX1043915 —UN—31MAY10

**A—AutoTrac RowSense түймешігі**

**B—AutoTrac RowSense іске қосу индикаторының шамы**

AutoTrac RowSense (SSU) басқару құралын калибрлеуді тиісті түрде орындау үшін келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Калибрлеу алдында мыналарды қамтамасыз етіңіз:
    1. Мультифункционалды иінтірек НЕЙТРАЛ күйде.
    2. Мотор төмен бос жүрісте жұмыс істеуде.
    3. Жолдағы қауіпсіздік қосқышы АЛҚАП күйінде.
    4. Гидравликалық жүйенің май температурасы 20°C-тан (68° F) жоғары.
    5. Руль доңғалағы кезекпен оң және сол тоқтатуға бұрылды.
    6. Механик-жүргізуші орнында қалады.
    7. AutoTrac RowSense түймешігі (A) ҚОСУЛЫ.

*ЕСКЕРТУ: AutoTrac RowSense іске қосу индикаторының шамы (B) қосылып-өшеді.*

GS2 дисплейінде түпнұсқа GreenStar дисплейі >> ОРНАТУ >> AUTOTRAC тармағына өтіңіз

2. **Доңғалақ бұрышының ортасын калибрлеу** бөлімінің жанындағы пернені басыңыз.

   Руль доңғалағын артқы доңғалақтар орталық күйде болғанша бұрыңыз. Бұл параметрді сақтау үшін **Доңғалақ ортасының күйін енгізу** жанындағы пернені, содан кейін **G** пернесін басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Бұл калибрлеу үрдісінің жалғыз мақсаты – SSU басқару құралына мүмкін шамамен алынған мәнді беру. Машина қозғалыста болғанда, артқы доңғалақтардың күйі үздіксіз тексеріледі және орталық доңғалақ бұрышының мәні жаңартылады. Жүйе келесідей жұмыс істейді: GPS датчигі 0,2 секунд аралықтарымен көліктің орнын және жердегі жылдамдығын анықтайды. Егер біраз уақыт бойы осы мәндердің бірнешеуі бірдей бағытты көрсетсе, SSU басқару құралы мұны тура алға жүру сияқты түсінеді және бұрылу бұрышының датчигі сәйкесінше калибрленеді.*

Келесі бетте жалғасады OUCC002,0002DC2 -KK-31MAY10-1/3

3. Калибрлеуді бастау үшін **AutoTrac калибрлеу** бөлімінің жанындағы пернені басыңыз, содан кейін **Жүйені калибрлеуді бастау** жанындағы пернені басыңыз.
4. Экранда **Толығымен солға бұру** пайда болғанда, руль доңғалағын баяу және толығымен солға бұрыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Руль доңғалағын бұру кезінде, бұрылу бұрышы көрсеткіші артуы керек.*

5. Руль доңғалағы ең сол күйіне жеткенде, **Толығымен оңға бұру** бөлімінің жанындағы **E** пернесін басыңыз.
6. Экранда **Толығымен оңға бұру** пайда болғанда, руль доңғалағын баяу және толығымен оңға бұрыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Руль доңғалағын бұру кезінде бұрылу бұрышының көрсеткіші азаюы керек.*

7. Руль доңғалағы ең оң күйіне жеткенде, **Толығымен оңға бұру** бөлімінің жанындағы **E** пернесін басыңыз.

OUCC002,0002DC2 -KK-31MAY10-2/3

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жүйе егін орғыштың рульдік басқару жүйесінде автоматты түрде әрекет етеді. Жарақат алуды болдырмау үшін, калибрлеудің алдында жақын арада бақылаушылардың жоқ екенін тексеріңіз.**

8. Экранда **Сол жақ клапанды калибрлеу үшін, жалғастыру қосқышын басып, ұстап тұрыңыз** хабарламасы пайда болғаннан кейін, AutoTrac RowSense іске қосу түймешігін (A) басып, ұстап тұрыңыз.

**МАҢЫЗДЫ: Жүйе сол жақ клапанды автоматты түрде калибрлеп жатқанда, руль доңғалағына тимеңіз.**

*ЕСКЕРТУ: AutoTrac RowSense қосу индикаторының шамы (B) енді үздіксіз жанады.*

Жүйе руль доңғалағын оның ең сол күйіне дейін бұрады. Экранда **Оң жақ клапанды калибрлеу үшін растау қосқышын басып тұру** жазуы пайда болғанда, іске қосу түймешігін (A) баса беріңіз.

*ЕСКЕРТУ: Бұл қадам артқы доңғалақтың қозғалысының өзін тудыру үшін PWM сигналы қаншалықты күшті болу керектігін анықтайды. Егер артқы доңғалақтарды бұру қиын болса, мысалы, артқы оқпан тым көп жүктелгендіктен немесе артқы доңғалақтан тегіс емес жерде тұрғандықтан, тым жоғары мән дұрыс емес анықталып, біркелкі емес жұмысқа әкеледі. Егер рульдік басқару біркелкі емес жұмыс істесе, тек қазіргі калибрлеу қадамы дәл орындалғаннан кейін рульдік басқару жауабын азайтыңыз!*

Экранда **Калибрлеудің соңы** жазуы пайда болғанша іске қосу түймешігін (A) басып тұрыңыз.




ZX1040787

ZX1040787 —UN—25JUL07




ZX1039664

ZX1039664 —UN—03OCT06

9. Іске қосу түймешігін (A) босатыңыз. Сонда **Сол жақ клапанның сезбеу аймағының** және **Оң жақ клапанның сезбеу аймағының** калибрлеу мәндері көрсетіледі. Калибрлеуді аяқтау үшін **G** пернесін басыңыз.
10. Мотор жылдамдығын төмен бос жүріске орнатыңыз, содан кейін моторды тоқтатыңыз.

OUCC002,0002DC2 -KK-31MAY10-3/3

## Жүйені іске қосудың алдында




PC11454 —UN—13NOV08

МӘЗІР >> GREENSTAR2 PRO жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ қойындысы.

- БАҒЫТТАУ РЕЖИМІ ашылмалы мәзірінен (D) келесі бағыттау үлгісінің біреуін таңдаңыз.
  - Бейімделгіш көлбеулер
  - АВ көлбеулері
  - Шеңбер жол
  - және түзу жол

  *ЕСКЕРТУ: Дұрыс бағыттау режимін таңдау үшін, "Жүйені басқару" бөлімін қараңыз.*

- Қатар датчиктерінің күйін тексеріңіз. RowSense параметрлерін өзгерту түймешігі (H) датчик күйін ҚОСУ/ӨШІРУ түймешігі (M) бар конфигурация экранын шығарады.

  **МАҢЫЗДЫ: ДАТЧИК КҮЙІН ӨШІРУЛІ күйге ауыстырмаңыз.**

ҚОСУЛЫ датчик күйімен AutoTrac RowSense белгішесі (N) КӨРІНІС қойындысының астында бағыттау бетінде пайда болады.




ZX1043918 —UN—30APR10

Келесі бетте жалғасады

OUCC002,0002DBE -KK-04MAY10-1/2

**A—Көрініс белгісі**
**B—Бағыттау параметрлері белгісі**
**C—ShiftTrack параметрлері белгісі**
**D—Бағыттау режимі ашылмалы мәзірі**
**E—Бұрылыс көрінісі құсбелгісі**
**F—Бұрылысты болжағыш құсбелгісі**
**G—AutoTrac өшіру хабары құсбелгісі**
**H—RowSense параметрлерін өзгерту түймешігі**
**I— Ауытқуды түзету енгізу өрісі**
**J—Жолды жылжыту енгізу өрісі**
**K—Бағыттау дыбыстары құсбелгісі**
**L—Бағыттау дыбыстары енгізу өрісі**
**M—Датчик күйі ауыстырып-қосқыш түймешігі**

OUCC002,0002DBE -KK-04MAY10-2/2

## Жүйені іске қосу

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: AutoTrac RowSense жүйесін жолдарда пайдаланбаңыз. Жолға шығудың алдында әрқашан AutoTrac RowSense жүйесін өшіріңіз (өшіру). Жолда тасымалдау кезінде AutoTrac RowSense жүйесін қосуға (іске қосуға) әрекет жасамаңыз.**

**Жүйе белсендірілгенде, қырағы болыңыз және қоршаған ортаға көңіл бөліңіз. Өріс, айналадағы адамдар, құрылғы немесе басқа бөгеттер қаупін болдырмау үшін қажет болғанда рульдік басқаруды бақылаңыз. Нашар көретін жағдайлар машинаны қауіпсіз жүргізу және басқару мүмкіндігін азайтса, жүргізуді тоқтатыңыз.**




*Негізгі экран*

**МАҢЫЗДЫ: AutoTrac RowSense жүйесі механик-жүргізушіге алқаптық жұмыстарды тиімді орындау үшін көмекші құрал. Механик-жүргізуші машина үшін әрқашан жауапты және жүргізгенде қоршаған ортаға көңіл бөлуді жалғастыруы керек. Егер нашар көру жағдайлары машина жолының алдында адамдарды немесе басқа бөгеттерді көру мүмкіндігіңізді азайтса жүргізуді тоқтатыңыз.**

**Машинаны әрқашан механик-жүргізушінің орындығынан басқарыңыз. Қамтамасыз етілген болса, әрқашан қауіпсіздік белдігін пайдаланыңыз.**

**GS2 дисплейі—бағыттау механик-жүргізуші нұсқаулығын оқыңыз және түсініңіз.**




*GreenStar 2 Pro түймешігі*

AutoTrac RowSense жүйесіне дисплейдің негізгі экран интерфейсін пайдаланып кіруге болады. Тиісті AutoTrac RowSense экрандарына жету үшін, GreenStar 2 Pro түймешігін таңдаңыз, содан кейін AutoTrac RowSense жүйесін тиісті орнату және басқару үшін, "Жүйені басқару" бөлімін қараңыз.

AutoTrac RowSense жүйесінің үш мүмкін күйлері бар: ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН, БЕЛСЕНДІ немесе БЕЛСЕНСІЗ.

Келесі бетте жалғасады OUCC002,0002DB7 -KK-03JUN10-1/4

**AutoTrac RowSense іске қосу**

AutoTrac™ қосу/өшіру арасында ауыстырып қосу үшін, рульді қосу/өшіру түймешігін (С) басыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін GS2 дисплейі — Бағыттау және GS2 дисплейі — Негізгі бағдарламалар механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.

Жүйені іске қосу үшін келесі шарттар орындалуы керек:

- AutoTrac RowSense басқару құралы (SSU) анықталды
- Бағыттау орнатылды
- Бағыттау ҚОСУЛЫ
- SSU қалыпты жұмыс режимінде
- TCM ҚОСУЛЫ
- Негізгі муфта ҚОСЫЛҒАН
- AutoTrac RowSense бағыттаушы түймешігі (A) ҚОСУЛЫ
- AutoTrac™ қосу/өшіру арасында ауыстырып қосу үшін, рульді қосу/өшіру түймешігін (С) басыңыз.

*ЕСКЕРТУ: Қосымша ақпарат алу үшін GS2 дисплейі – бағыттау механик-жүргізуші нұсқаулығын қараңыз.*

Жүйе ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН күйінде болғанда, AutoTrac RowSense іске қосу индикаторының шамы (B) жанып өшеді.




ZX1039663

ZX1039663 —UN—03OCT06




ZX1043904

ZX1043904 —UN—31MAY10

**A—AutoTrac RowSense бағыттаушы түймешігі**
**B—AutoTrac RowSense іске қосу индикаторының шамы**
**C—Рульді Қосу/Өшіру түймешігі**

Келесі бетте жалғасады

OUCC002,0002DB7 -KK-03JUN10-2/4

## AutoTrac RowSense іске қосу

Жүйені ІСКЕ ҚОСҚАННАН кейін рульдік басқару көмегін қаласа, механик-жүргізуші жүйені қолмен ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН күйіне ауыстыруы керек.

AutoTrac RowSense іске қосу үшін, мультифункционалды иінтіректегі AutoTrac RowSense іске қосу түймешігін (A) басыңыз. Бұл әдепкі қатар бағыттаушы режимінде көмекші рульдік басқаруды іске қосады ("Қатар енгізуді орнату" бөлімін қараңыз).

**МАҢЫЗДЫ: Әдепкі бағыттау режимі (жол бағыттаушы) қаланбаса, басқа бағыттау режимін таңдау үшін, "Жүйені орнату және калибрлеу" бөліміндегі "Қатар енгізуді орнату—Жалғастыру түймешігін тағайындау" тақырыбын қараңыз.**

Жүйені іске қосу үшін келесі шарттар орындалуы керек:

- Жолдағы қауіпсіздік қосқышы алқапта жұмыс істеу режимінде
- Негізгі муфта ҚОСЫЛҒАН
- Хедер қосылған
- AutoTrac RowSense іске қосу түймешігін ҚОСУ керек
- Алдыңғы жүрістің жерге қатысты жылдамдығы 0,5 км/сағ-тан (0,3 миль/сағ) көп немесе кері жүрістің жерге қатысты жылдамдығы 10 км/сағ-тан (6,0 миль/сағ) аз.
- Алдыңғы жүрістің жерге қатысты жылдамдығы 22 км/сағ-тан (13,2 миль/сағ) аз.
- Жылдамдық 10 км/сағ-тан (6,0 миль/сағ) азырақ болса, машинаның бағыты қалаған жолдың 80° градус аралығында
- Жылдамдық 10 км/сағ-тан (6,0 миль/сағ) жоғарырақ болса, машинаның бағыты қалаған жолдың 45° градус аралығында
- Жолдан тыс қате жол аралығының 40%-ы аралығында
- Механик-жүргізуші орнында
- TCM ҚОСУЛЫ

**⚠ САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жолға шығудың алдында әрқашан AutoTrac RowSense жүйесін өшіріңіз (өшіру). Жолда тасымалдау кезінде**




ZX1040787

ZX1040787 —UN—25JUL07




ZX1039664

ZX1039664 —UN—03OCT06

A—AutoTrac RowSense іске қосу түймешігі

B—AutoTrac RowSense іске қосу индикаторының шамы

**AutoTrac RowSense жүйесін қосуға (іске қосуға) әрекет жасамаңыз.**

Жүйе ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН күйде болғанда, AutoTrac RowSense іске қосу индикаторының шамы (B) үздіксіз жанады.

*ЕСКЕРТУ: ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН күйде болғанда, басқару құралы ақаулықты анықтаған сайын, AutoTrac RowSense іске қосу индикаторының шамы (B) екі рет жыпылықтайды.*

Келесі бетте жалғасады

OUCC002,0002DB7 -KK-03JUN10-3/4

## AutoTrac RowSense өшіру

**САҚ БОЛЫҢЫЗ: Жолға шығудың алдында әрқашан AutoTrac RowSense жүйесін өшіріңіз (өшіру). AutoTrac жүйесін БАҒЫТТАУ КӨРІНІСІ қойындысынан өшіру үшін, РУЛЬДІ ҚОСУ/ӨШІРУ түймешігін (A) РУЛЬ ӨШІРУЛІ көрсетілгенше басыңыз.**

AutoTrac RowSense жүйесі келесі әдістер арқылы ӨШІРІЛЕ алады:

- AutoTrac™ іске қосу/ажырату арасында ауыстырып қосу үшін рульді қосу/өшіру түймешігін (A) басыңыз.
- Руль доңғалағын 30 градустан аса бұрыңыз.
- Басты муфтаны ӨШІРІҢІЗ.
- Алқап/жол қосқышын жол режиміне ауыстырыңыз.
- Жердегі жылдамдықты 0,5 км/сағ-тан (0,3 миль/сағ) төменірек болатындай 30 секундқа азайтыңыз.
- Алға жүру жердегі жылдамдығын 15 км/сағ-тан (9,3 миль/сағ) көбірек болатындай арттырыңыз.
- Кері қайту күйінде жүргізіңіз.




ZX1043905 —UN—30APR10

A—Рульді Қосу/Өшіру түймешігі

- Механик-жүргізуші орнында жеті секундтан көбірек жоқ.
- Жол нөмірі өзгерді.

OUCC002,0002DB7 -KK-03JUN10-4/4

## Дисплейлер мен индикаторлар




A—Бағыттау көрінісінің қойындысы
B—Бағыттау күйінің белгішесі

AutoTrac RowSense пайдаланғанда, белгіше (A) қатар датчиктерінің қолжетімді екенін көрсетіп, БАҒЫТТАУ КӨРІНІСІ қойындысының (B) астындағы картада пайда болады (ДАТЧИК КҮЙІ түймешігі қосу күйіне ауысқанда). Әр белгіше (1, 2, 3 және 4) сол сәтте егін орғышта не болып жатқанын көрсетеді.

Қатар датчиктері көлікті келесідей басқарған кезде бағыттау күйінің белгішесі (A) ақ түстен түсті (жасыл) анимацияланған пішінге өзгереді:

1. **Жүйе орнатылған** (сұр фон)
2. **Жүйе іске қосылған**, қатар датчигімен және GPS жүйесімен жұмыс істеп тұр (жасыл фон)
3. **GPS жоғалған**, тек қатар датчигінің деректерімен жұмыс істеп тұр (сары фон)
4. **Қатар датчигінің сигналы жоғалған**, тек GPS жүйесімен жұмыс істеп тұр (қызғылт сары фон)

*ЕСКЕРТУ: 3 немесе 4 белгіше күйімен басқарғанда, бағыттау дәлдігі азаяды.*

OUCC002,0002DA9 -KK-04MAY10-1/1

## Қатар датчиктерін қосу




ZX1043910

ZX1043910 —UN—30APR10

Қатар датчиктері қатар күйін анықтай алған кезде егін орғышты бағыттайды. Механик-жүргізуші AutoTrac RowSense белгішесінің (A) жасыл түске өзгеруі және қозғалысты көрсетуі арқылы қатар датчиктерінің егін орғышты бағыттап жатқанын білетін болады.

**Бастапқы жол орнатылғаннан кейін (AB сызығы немесе бастапқы жазылған көлбеу жол) және AutoTrac жүйесін іске қосу үшін, рульді Қосу/Өшіру түймешігі (B) басылған соң, егін орғыш жол аралығының жарты шегінде және қатарларға қолжетімді бұрышта болғанда, жалғастыру түймешігін (C) басуға болады. Қатар датчиктері іске қосылған сәтте қатар датчиктері егін орғышты бағыттайды.**

**Бұрылыс белдігін бұру:** Бұрылыс белдігінің бұрылуы AutoTrac жүйесіне негізделген GPS жүйесімен бірдей орындалады. Механик-жүргізуші еруді қалайтын жолмен бір қатарға тұрады. Жалғастыру түймешігін (C) басу AutoTrac жүйесін бағыттау жолына жүруіне әкеледі. Содан кейін қатар датчиктері қатар күйін анықтап, ізінен ереді. Бейімделгіш көлбеулер, шеңбер жол және AB көлбеулерінің сызығын кеңейту мүмкіндігін көршілес жолдың проекциясын бұрылыс белдіктеріне кеңейту үшін пайдалануға болады.




ZX1043911

ZX1043911 —UN—30APR10

A—Белгіше
B—Рульді Қосу/Өшіру түймешігі
C—Жалғастыру түймешігі

OUCC002,0002DAA -KK-04MAY10-1/1

## Түзу жол

Түзу жолды қатарлар түзу болғанда пайдалану керек және шамамен 1 м (3-1/4 фут) артық өзгертпеңіз. Түзу жол барлық сызықтарды бірінші жолдан тыс шығарады.

Өріс сәйкесінше түзу болса және бағыт өзгермесе, қатардың көршілес жолдарға енуіне рұқсат беретіндіктен түзу жолды пайдалану ұсынылады. Өріс AutoTrac көмегімен себілген кезде өнімділік қатар енгізумен жақсартылады. Сондай-ақ, өнімділік қатар су жолдарына түсу барысында жақсартылады.

Түзу жолда болғанда, GPS сызығы автоматты түрде қайтадан ортаға келтіріледі. Бұл GPS жолының дән қатарларымен тиісті түрде тураралануын қамтамасыз етеді. **Бұл функция бейімделгіш көлбеулерде қолжетімді емес.**




*Түзу жол*

Келесі бетте жалғасады OUCC002,0002DAD -KK-30APR10-1/4

МӘЗІР >> GREENSTAR2 PRO жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі >> БАҒЫТТАУ ПАРАМЕТРЛЕРІ қойындысы

БАҒЫТТАУ РЕЖИМІ ашылмалы мәзірінен ТҮЗУ ЖОЛДЫ таңдаңыз. КӨРІНІС қойындысын таңдаңыз.

*ЕСКЕРТУ: Астық жинамаған кезде жазып алуды тоқтатып қойыңыз.*

Іске қосудан бұрын

1. Көру бетіндегі қабылдағыш белгішесін көру арқылы SF1, SF2 немесе RTK сигналы бар екеніне көз жеткізіңіз.
2. Жол аралығы дұрыс екенін тексеріңіз. Жол аралығы дұрыс болмаса, жол аралығын БАҒЫТТАУ қойындысында өзгертіңіз.

PC8663 —UN—05AUG05



*МӘЗІР түймешігі*

PC8661 —UN—02NOV05




*GREENSTAR2 PRO жылдам қол жеткізу түймешігі*

PC8673 —UN—14OCT07



*БАҒЫТТАУ жылдам қол жеткізу түймешігі*

OUCC002,0002DAD -KK-30APR10-2/4

0 ЖОЛЫН ОРНАТУ тармағын таңдаңыз.

1. АҒЫМДАҒЫ 0 ЖОЛЫ ашылмалы мәзірінен жол атауын таңдаңыз. Атауы болмаса, ЖАҢА түймешігін таңдап жаңа атауды жасаңыз.
2. ӘДІС ашылмалы мәзірінен жол әдісін (A + B) таңдаңыз.
3. Жолдың басына жүргізіңіз және А ОРНАТУ түймешігін таңдаңыз.
4. Жолдың аяғына жүргізіңіз және В ОРНАТУ түймешігін таңдаңыз.

   Өріс бойымен өтетін сызық жасалады.

**A—Ағымдағы 0 жолының ашылмалы мәзірі**
**B—Әдістің ашылмалы мәзірі**
**C—Жаңа түймешігі**
**D—Жою түймешігі**
**E—Жол аралығы түймешігі**
**F—A орнату түймешігі**
**G—B орнату түймешігі**




PC10708 —UN—24OCT07

*0 жолын орнату*

Келесі бетте жалғасады

OUCC002,0002DAD -KK-30APR10-3/4

5. AutoTrac RowSense жүйесін іске қосу үшін, жалғастыру түймешігін (A) басыңыз.

